

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының мамандарына жиырма бес процентке жоғарыланған лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 қарашадағы N 300 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 15 желтоқсанда N 10-5-170 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 қарашадағы N 61 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2012.11.19 N 61 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы "Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне", "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШЕДІ:**

1. Қармақшы ауданының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының мамандарына жиырма бес процентке жоғарыланған лауазымдық жалақылар және тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың төртінші шақырылған "Қаржы, бюджет, әлеуметтік, жастар саясаты, құқық қорғау және мәдени мәселелер жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қ а р м а қ ш ы                      а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң                      к е з е к т е н                      т ы с**

*45-сессиясының төрағасы*

*Ә. Сержанова*

*мәслихатының хатшысы*

*Қ а р м а қ ш ы                    а у д а н д ы қ*  
*М. Ерманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ